

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: «07» қыркүйек 2023 ж.

Өткізілген орны: “Ақбөбек” балабақшасы

Қатысқандар: 8 педагог

Қатыспағандар: 1

Төрайымы: директор Р.Чуйтанова

Хатшы: С.Тулукбаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені бекіту.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша

Директор Р.Чуйтанова сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мақсаты мен міндеттерін түсіндірді. Педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және педагогикалық этика талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында Кеңесті құру туралы ереже таныстырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңесті құру туралы ереже бекітілсін.
2. Кеңес мүшелерінің құрамы бекітілсін.
3. Кеңес жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

2-мәселе бойынша

Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне қойылатын талаптар қарастырылды. Педагогтің сыртқы келбеті іскерлік стильге сай болуы, ұқыптылық пен мәдениеттілікті көрсетуі қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Педагогтер қызметтік міндеттерін атқару кезінде іскерлік киім үлгісін сақтасын.
2. Сыртқы келбеттің ұқыптылығы мен эстетикалық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол берілмесін.

3-мәселе бойынша

Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау мәселесі талқыланды. Педагогтердің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасында әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет қағидаларын ұстануы қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Барлық педагогтер педагогикалық этика нормалары мен қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Ұжымда өзара құрмет пен ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту жұмыстары жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.

Төрайым

Хатшы



Р.Чуйтанова

С.Еулекбаева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: «10» қараша 2023 ж

Өткізілген орны: “Ақбөбек” балабақшасы

Қатысқандар: 8 педагог

Қатыспағандар: 1

Төрайымы: Р.Чуйтанова, директор

Хатшы: С.Тулукбаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жеке фото суреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.

ТЫҢДАЛДЫ

1 мәселе бойынша

Директор Р.Чуйтанова педагогтердің әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттық алаңдарда жеке фото және бейнематериалдарды жариялау кезінде педагогикалық әдеп нормаларын сақтауының маңыздылығына тоқталды. Педагогтің қоғамдық беделі мен кәсіби имиджіне әсер ететін материалдарды жариялау кезінде жауапкершілік таныту қажеттігі айтылды. Сондай-ақ тәрбиеленушілер мен ата-аналардың жеке деректерін қорғау талаптарын сақтау мәселесі қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Педагогтер әлеуметтік желілерде фото және бейнематериалдарды жариялау кезінде педагогикалық этика талаптарын сақтасын.
2. Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының келісімінсіз жеке мәліметтер мен бейнематериалдарды жариялауға жол берілмесін.
3. Педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін жарияланымдарға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2 мәселе бойынша

Балабақша әдіскері С. Тулукбаева Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика мәселесі қаралды. Педагогтің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік, сыпайылық, ұстамдылық және кәсіби мәдениет қағидаларын ұстануы қажеттігі атап өтілді. Даулы жағдайларды шешуде педагогикалық тактиканы дұрыс қолданудың маңызы талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- Төрайым Р. Чуйтанова
Хатшы О. Тулекбаева



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2023–2024 оқу жылы

Өткізілген күні: «01» ақпан 2024 ж.

Қатысқандар: 8 педагог

Қатыспағандар: 0

Төрайымы: Р. Чуйтанова директор

Хатшы: С.Тулекбаева

КҮН ТӘРТІБІ

- 1.«Ата-анамен әдепті қарым-қатынас: сенім мен сыйластық негізінде» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
- 2.Әдеп бұзушылықтардың алдын алу: жағдаяттық талдау.

ТЫҢДАЛДЫ

1мәселе бойынша

Дөңгелек үстел барысында педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара сенімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы талқыланды. Ата-аналармен жұмыс жасауда әдептілік, ашықтық, сыпайылық және өзара құрмет қағидаларын сақтау қажеттігі айтылды. Педагогтердің ата-аналармен тиімді байланыс орнату тәжірибелерімен бөлісуі ұйымдастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.
2. Ата-аналармен кері байланысты нығайту мақсатында түрлі кездесулер мен кеңестер тұрақты өткізілсін.
3. Өзара сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

2 мәселе бойынша

Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түрлі жағдаяттар талданып, оларды шешудің тиімді жолдары қарастырылды. Педагогтердің кәсіби қызметінде кездесуі мүмкін даулы жағдайларда педагогикалық тактика мен этикалық нормаларды сақтау қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Әдеп бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Педагогтерге этикалық жағдаяттарды шешу бойынша әдістемелік қолдау көрсетілсін.

3. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.
4. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Төрайым

Р.Чуйтанова

Хатшы

С.Тулесбаева

